

«Мерей» бөбекжай балабақшасы

Педагогикалық кеңестің
№ 1 хаттамасы.

31.08.2022 ж

қатысқандар – 13

Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық кеңес хатшысын сайлау
2. ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына сәйкес 2022-2023 оқу жылына арналған күн тәртібін, ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесін, перспективалық жоспарларын бекіту
3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі»
4. «Тәрбиенің кілті – ұлттық құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларын қалыптастыру» баяндама.
5. Тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптарын бекіту. Тәрбиешілер портфолиясы

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі Г.Аблаева педагогикалық кеңесті ашып, 2022-2023 жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады. Педагогтерді кеңесте қаралатын мәселелерімен таныстырды.

Бірінші мәселе бойынша сөз меңгеруші Г.Аблаеваға берілді. Ол өз сөзінде педагогикалық кеңес хатшысын сайлау мәселесіне тоқталды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылы 16 мамырдағы 272 бұйрығы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (бұйрығына сәйкес) ережелірімен таныстырды.

Білім беру ұйымдарының педагогикалық кеңесі білім беру ұйымдарын алқалы басқару нысандарының бірі болып табылады. Педагогикалық кеңестің құрамына білім беру ұйымдарының барлық педагогтары кіреді. Педагогикалық кеңес өз құрамынан бір оқу жылы мерзіміне төрағаны, хатшыны сайлайды. Педагогикалық кеңес төрайымы балабақша меңгерушісі Аблаева Гульнара Алимовна, хатшысы балабақша әдіскері Алпысова Бибайша Аташбековна бір ауыздан сайланды, қалыс қалғандар жоқ.

Тыңдалды: Екінші мәселе бойынша меңгеруші Г.Аблаева сөз алып, 2022-2023 оқу жылына арналған оқу-тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес

2022-2023 оқу жылына арналған күн тәртібін, ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесін, перспективалық жоспарларын бекіту мәселесіне тоқталды. Балаларды балабақшаға қабылдап, топтраға бөлу, күн тәртібін бекіту ы

Биылғы жаңа оқу жылында балалардың жас ерекшеліктеріне қарай 6 топта 140 бала тәрбиеленеді, олар:

Кіші «Балапан» тобында 20 бала, тәрбиешілері Алибаева А, Өтенбекова А, Кіші «Арай» тобында 20 бала, тәрбиешілері Саркулова Б, Оралова Г, Ортаңғы «Гүлдер» 25 бала, тәрбиешілері Манапова А, Әмір Н, Ересек «Құлыншақ» 25 бала, тәрбиешілері Салимжанова Ұ, Ересек «Күншуақ» 25 бала, тәрбиешілері Алпысова Б, Мектепалды «Балбөбек-Төрайым» тобы 25 бала, тәрбиешісі Тилеубердиева А болып бекітілді.

Ең алдымен күн тәртібінің уақыты мен элементтерімен таныстырып, түсіндірілді.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары» бекітілді.

Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды сыныптары тәрбиелеу-білім беру қызметін:

- 1) осы стандартқа;
- 2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығымен бекітілген Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына 1-қосымшаға;
- 3) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына;
- 4) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына;
- 5) мектепке дейінгі ұйымдар үшін әзірленген білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырады.

Тәрбиелеу-білім беру процесінде:

Әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу жүзеге асырылады;

Балалардың құқықтарын, өмірін қорғау, денсаулығын нығайту қамтамасыз етіледі.

Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша:

- физикалық дамыту;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;
- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады.

Физикалық даму, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын қалыптастыру келесі ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады:

- 1) дене шынықтыру (ерекше тәрбиеленушілер үшін бейімделген дене шынықтыру);
- 2) жүзу (жүзу бассейні болған кезде);
- 3) сөйлеуді дамыту;
- 4) көркем әдебиет;
- 5) сауат ашу негіздері;
- 6) қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда);
- 7) сенсорика;
- 8) математика негіздері;
- 9) құрастыру;
- 10) қоршаған ортамен таныстыру;
- 11) сурет салу;
- 12) мүсіндеу;
- 13) жапсыру;
- 14) музыка.

Стандарт талаптарына сәйкес әзірленген Үлгілік оқу жоспарларында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекеттер берілді.

Биылғы оқу жылында орыс тілі, жаратылыстану, өзін-өзі тану бөлімдері алынып тасталды. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі бөбек жасындағы (1-2 жастағы) және мектепке дейінгі жастағы (3-5 жастағы) балаларға арнаған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларында айқындалады, ұйымдастырылған іс-әрекеттердің жүктемесі мен уақыты белгіленбейді. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың вариативтік оқу жоспарларын әзірлеу кезінде тәрбиеленушілердің жас, психологиялық-физиологиялық мүмкіндіктері мен ерекшеліктері ескеріле отырып, оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі сақталады.

Жас кезеңдері мынадай:

- 1) бөбек жасы – 0 (жаңа туған балалар) – 2 жастағы балалар;
- 2) мектепке дейінгі жас – 3-5 жастағы балалар.

Жас топтары балалардың күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып, оқу жылының басында жасақталады:

ерте жас тобы – 1 жастағы балалар;

кіші топ – 2 жастағы балалар;

ортаңғы топ – 3 жастағы балалар;

ересек топ – 4 жастағы балалар;

мектепалды топ, мектептегі мектепалды сынып – 5 жастағы балалар.

Сөйлегендер: Әдіскер Б.Алпысова

Үлгілік оқу жоспары бекітілген жоқ, кәзіргі таңда тек жоба түрінде ұсынылып отыр. Топ тәрбиешілері 3 құжатпен яғни, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің №130 бұйрығында бекітілген Перспективалық жоспар, Циклограмма, Баланың жеке даму картасы жұмыс жүргізеді.

Перспективалық жоспарды ұйымдастырылған іс-әрекеттер бойынша тәрбиешілер, жас тобында жұмыс істейтін педагогтер (қазақ тілі мұғалімі, дене шынықтыру (жүзу) нұсқаушысы, музыкалық жетекшісі) оқу жылы басталғанға дейін жылына бір рет жасайды. Перспективалық жоспарда әрбір ұйымдастырылған іс-әрекеттердің Үлгілік оқу бағдарламасы негізінде бір айға міндеттері айқындалады. Циклограмманың ұйымдастырылған іс-әрекет бөлімінде мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізілетін дене шынықтыру, қазақ тілі, сауат ашу негіздері және музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері толтырылады. Бұдан басқа ұйымдастырылған іс-әрекеттер түрлі балалар әрекеттері арқылы күні бойы күн тәртібіне сәйкес толтырылады және іске асырылады.

Балаларды тәрбиелеу және оқыту процесінде мектепке дейінгі ұйымның әрбір қызметкерінің рөлі маңызды, сондықтан ұйымның әр қызметкері қажетті біліктілік деңгейіне ие болуы тиіс. Педагогтер мен басқа да қызметкерлер жұмысының негізгі қағидалары:

- оқытудың кіріктірілген тәсілі;
- баланы толыққанды дамыту;
- ойын арқылы оқытуға баланы тарту;
- балаларға өз білімін құрастырушы ретінде қарым-қатынас жасау;
 - маңызды өзара әрекет арқылы шынайы оқыту; - инклюзивті білім беру кеңістігін құру;
- баланың жеке басын құрметтеу;
- баланы дамыту мақсатында күтім жасау.

Педагогтің құзыреттілігі:

- баланы дамыту мен оқытуды терең түсіну;
- баланың көзқарасын түсіну және қабылдай білуі;
- баланы мақтай білу, тыныштандыру, сұрақтар қоя білу және балаларды жақсы көру;

- көшбасшылық дағдылары;
- туындаған мәселелерді шешуге қабілеттілігі;
- сөздік қордың байлығы және балалардың ой-пікірін айту мүмкіндігі;
- өз тәжірибесіне үнемі рефлексия жасай білу және оны жетілдіру;
- эмоционалды интеллекттің жоғары деңгейі.

Циклограмма әр аптаға құрылады, ол балаларды қабылдаудан бастап, түрлі балалар әрекеттерін, серуенді өткізуді, күндізгі ұйқыны ұйымдастыруды, яғни балалардың үйге қайтуына дейін күн тәртібінің орындалуын қамтамасыз етеді. Циклограмманың құрылымы күн тәртібіне сәйкес құрылады. Циклограмманы жоспарлауға қойылатын талаптар:

- аптаның әрбір күніне Перспективалық жоспардағы ұйымдастырылған іс-әрекеттердің міндеттеріне сәйкес балалармен өткізілетін әрекет түрлерін анықтау;
- әрбір әрекет түрлерін өткізуде бағдарлама мазмұнын жүйелілік пен сабақтастық қағидасын сақтай отырып беру;
- балаларды тәрбиелеу мен оқытуда инновациялық технологияларды, әдістер мен тәсілдерді қолдану;
- әрбір балалар әрекетін ұйымдастыру үшін жайлы заттық дамытушы ортаны (орталықтарға бөлу және оның балаларға қолжетімді болуын қарастыру, оның мүмкіндіктерін барынша қолдану) құру.

Мектепке дейінгі ұйымның білім беру процесінің тиімділігі, сондай-ақ баланың даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін диагностика негізінде Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізіледі (бастапқы қыркүйекте аралық-қаңтарда және қорытынды-мамыр айында). Мониторингтің мақсаты:

- баланың жетістіктерін қадағалау;
 - балаларды тәрбиелеу мен дамытуда жеке тәсілдерді қамтамасыз ету;
 - түзету іс-шараларын жедел жоспарлау негізінде білім беру процесін жетілдіру;
 - баланың Үлгілік бағдарлама мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау.
- Нәтижелер «Бақылау парағында» толтырылады. Алынған мәліметтер негізінде топтағы әрбір балаға Баланың жеке даму картасы толтырылады

Мониторинг нәтижелері бойынша даму деңгейлері I, II деңгейдегі балалармен қосымша жеке жұмыстар жүргізіледі. Баланың жеке даму картасының «Дамыту, түзету іс-шаралары» бөлімінде мониторинг нәтижелері бойынша балалармен жұмыс істейтін педагогтер мен мамандар баланы одан әрі дамыту іс-шараларын толтырады.

Ал, мектепалды даярлық тобында сағат саны қарастырылған, ол да кезіңше жоба ретінде беріліп отыр.

Тыңдалды: Келесі мәселе бойынша меңгерші Гульнара Алимовна сөз алып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі туралы түсіндірді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысымен Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі (бұдан әрі – Модель) бекітілді. Осы аталған Моделдің басты міндеттерінің бірі инклюзивті білім беруді қоса алғанда, оқу жоспарлары мен бағдарламаларының икемділігін қамтамасыз ету арқылы педагогикалық процесті ғылыми негізде жетілдіру жолымен мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мазмұнын өзгертуге жағдай жасау. Сондай-ақ Модельдің 21-тармағында оны іске асыру мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту саласында ғылыми зерттеулер жүргізіп, білім беру қызметтерінің сапасын, даму жағдайларын жақсарту және арттыру бойынша ұсынымдар әзірленгеннен кейін ілеспе нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізуді көздейтіні нақты міндет ретінде айқындалған. Осыған байланысты еліміздің мектепке дейінгі ұйымдарында ауқымды зерттеулер жүргізілді. Зерттеу жасау үшін кездейсоқ таңдау әдісімен барлық өңірлерден меншік түрі мен нысанына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдар (жеке және мемлекеттік, қалалық және ауылдық) қамтылды және сертификатталған сарапшылар ECERS-3 шкаласының көмегімен бақылаулар жүргізді.

Жүргізілген зерттеу бойынша мынадай нәтижелер айқындалды:

- «Заттық-кеңістіктік орта» көрсеткіші бойынша мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері заттық-кеңістіктік ортаны білім беру элементі ретінде қарастырмауы және оның мүмкіндіктерін барынша қолданбауы;
- «Ойын алаңын ұйымдастыру» көрсеткіші бойынша кеңістікті аймақтарға бөлудің болмауы, балаларды ерте дамыту үшін қызығушылық орталықтарының болмауы немесе олардың талапқа сай ұйымдастырылмауы;
- «Балалардың сөздік қорын кеңейтуге көмектесу» көрсеткіші бойынша педагогтер балалардың сөздік қорын байытуға тек ұйымдастырылған оқу қызметі барысында ғана (режим сәттері мен еркін ойын кезінде емес) көңіл бөлетіндігі немесе онда қолданылатын сөздердің қарапайым, күнделікті өмірде жиі қолданылатын сөздерден тұратындығы; «Балаларды қарым-қатынасқа баулу» көрсеткіші бойынша педагогтердің балалардың сөйлеуге деген құштарлығын оятудың және балалардың жеке қарым-қатынас жасау қабілетін арттырудың орнына көбінесе балалардың үнін елемейтіні, сонымен қатар педагогтер тарапынан балалардың жасына сәйкес келмейтін немесе балаларды қызықтырмайтын сұрақтар жиі қойылатындығы;
- «Балалармен жұмыс кезінде қызметкерлердің кітапты пайдалануы» көрсеткіші бойынша кітаптарды бақылау кезінде мүлде қолданбауы, ал

«Балаларды кітап қолдануға баулу» көрсеткіші бойынша балаларға арналған жұмсақ ыңғайлы бұрышы бар кітап оқу үшін арнайы ұйымдастырылған орынның болмауы немесе болған жағдайда кітаптардың қолжетімді болмауы; «Өнер» көрсеткіші бойынша мектепке дейінгі ұйымдарда бейнелеу әрекетіне тиісті жағдай жасалмағандығы, құралдардың бала санына жеткіліксіздігі, суретті тек педагог өзі дайындаған үлгі бойынша ғана салдыру, баланың қалағанын салу мүмкіндігі қарастырылмауы, ойдан салуға және баланың жеке көзқарасына педагог тарапынан қолдау көрсетілмеуі; «Музыка/қозғалыс» көрсеткіші бойынша балалардың музыканы тыңдау, және әр түрлі қимылдар жасау мүмкіндігі болғанымен, музыкалық аспаптардың қолжетімсіздігі немесе өз бетінше қолдану тәжірибесінің болмауы;

«Рөлдік ойындар» көрсеткіші бойынша мектепке дейінгі ұйымдардың көпшілігінде рөлдік ойындарға арналған материалдар, ауыстыратын киімдер, арнайы ойыншықтардың, күрделі рөлдік ойындарды ойнауға материал мен уақыттың жеткіліксіздігі;

«Табиғат/ғылым» көрсеткіші бойынша топтарда табиғи материалдардың болмауы, болған жағдайда саны шектеулі болуы, ойыншықтарымен құм/судың болмауы, педагогтердің балалармен табиғат туралы, соның ішінде ауа-райы мен жыл мезгілдері туралы әңгіме айтуымен ғана шектелуі;

«Математика және математикалық іс-әрекеттерді орындауға арналған материалдар» көрсеткіші бойынша математика сабақтарында материалдардың жеткіліксіздігі, ұйымдастырылған іс-әрекеттердің көпшілігінің балаларды қызықтырмауы, балалар сәйкес материалдармен ойнап жатқанда осыған байланысты математика бойынша сұрақтар қойылмауы;

«Персонал мен балалардың өзара әрекеті» көрсеткіші бойынша қызметкерлер мен балалар арасында жағымды қарым-қатынас тек ұйымдастырылған әрекет барысында және барлық топпен ғана шектелді, қызметкерлердің балалардың әңгімелерін және олардың қарым-қатынасқа түсуге ұмтылысын қолдауы болмауы;

«Балалардың бір-бірімен қарым-қатынасы және тәртібі» көрсеткіші бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің санының көп болуына байланысты балалардың күндізгі уақытта бір-бірімен араласу мүмкіндігінің болмауы, бақылау барысында педагогтердің балалар арасындағы кикілжіңде қалай әрекет ету керектігін және туындайтын кикілжіңдерді шешуге балалармен келіссөздер жүргізуге және оны шешуге қалай көмектесу керектігін білмейтіндігі;

«Әрекеттің ауысуы және күту мерзімі» көрсеткіші бойынша көбінесе балалардың жасы мен мүмкіндіктеріне сәйкес келмейтін үндемей отырып, ұзақ күту сияқты талаптардың қойылуы;

«Еркін ойын» көрсеткіші бойынша бақылау барысында еркін ойын мектеп жасына дейінгі балаларға жеткіліксіз немесе жоқ екендігі, сондай-ақ педагогтердің балалармен өзара әрекет ету және үйрету үшін еркін ойын мүмкіндіктерін пайдаланбайтыны, еркін ойын болған жағдайда педагогтердің ойынға қосылмауы, өзін алшақ ұстауы;

«Топтық сабақтар және оқыту» көрсеткіші бойынша топтық іс-әрекеттер мазмұнының балалардың даму деңгейіне тым қарапайым болуы, педагогтің сабақтың тақырыбын балалардың өмірімен және олардың тәжірибесімен сирек байланыстыруы, көбінесе оқыту мен балалардың тәжірибесінің байланыспауы айқындалды.

Жүргізілген зерттеу нәтижелері бойынша мектепке дейінгі білім беру қызметтерінің сапасын арттыру мен жақсарту бойынша ұсынымдар әзірленіп, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды реттейтін нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында және мектепалды даярлық сыныптарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Заңдары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделі негізінде әзірленген. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мақсаты әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу. Заттық-кеңістіктік дамытушы орта – бұл баланың психикалық әл-ауқатының қауіпсіздігіне, оны дамыту мақсаттарына сәйкес кеңістікті ұйымдастыру және баланың өз бетінше үйрену қабілетін дамытуға оң ықпал ететін жабдықтар мен басқа да жарақтарды пайдалану. Дамытушы орта балаға өз қабілеттерін пайдалануға, қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне сүйене отырып, өзін қызықтыратын ойын материалдарымен ойнауға мүмкіндік береді. Балалар әрекетін осындай тәсілмен ұйымдастыру нәтижеге бағытталған даму механизмін құрайды. Бала жоспарланған мақсатты жүзеге асыруға ұмтылады. Дамытушы орта балалар мен ересектердің қарым-қатынасы мен бірлескен әрекетін, балалардың қимыл белсенділігін, сондай-ақ олардың оңаша болуына мүмкіндікті қамтамасыз етуі керек.

Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаға қойылатын жалпы талаптар:

- қауіпсіз;
- қолжетімді;
- әртүрлі;
- мазмұнды;
- көп атқарымды;
- өзгермелі;

- тартымды.

Жас топтары бойынша заттық-кеңістіктік дамытушы ортаға қойылатын талаптар:

1) ерте жас тобында және кіші топта: танымдық ойыншықтар, қарапайым пазлдар, зерттеушілік қызығушылығын белсендіретін қозғалмалы ойыншықтар, қимылды ойындарға қажетті құралдар, оның ішінде ірі және ұсақ моториканы дамытатын ойын құралдары, жұмсақ модульдер, қауіпсіз табиғи материалдардан жасалған ойыншықтар.

2) ортаңғы топта: дамытушы ойыншықтар, құрастыруға арналған жинақтар, сурет салуға арналған құралдармен және соған лайық жайлы орындармен толықтыру, қол еңбегіне арналған құралдар мен ойыншықтар, театрландырылған ойынға арналған жинақтар, қуыршақтар, түрлі машиналар, танымдық қызығушылығын жетілдіруге арналған табиғи материалдар, шағын модельдер.

3) ересек және мектепалды даярлық топтарында (сыныптарында): дамытушы модульдер, күрделі пазлдар, құрастырылатын ойыншықтар, сауат ашу, алғашқы математикалық ұғымдарды игеруге ықпал ететін әртүрлі материалдар, баспа әріптері, сөздер, кестелер, үлкен шрифті бар кітаптар, боямақтар, сандары бар оқулықтар, сандары мен әріптері бар үстел үсті ойындары, ребустар, оқу құралдары, балалар энциклопедиялары, ғаламшардың жануарлары мен өсімдіктер әлемі, әртүрлі елдердің адамдарының өмірі туралы иллюстрацияланған басылымдар, балалар журналдары, альбомдар, суреттер мен карточкалар.

Сонымен қатар, көптеген импровизациялауға ыңғайлы материалдардың болуы маңызды (арқан, қорап, сым, доңғалақтар, ленталар және т.б.). Олар ойын барысында балалардың әртүрлі креативті идеяларын іске асыруда, шығармашылық шешім қабылдауында қолданылатын болады.

Сондай-ақ, балаларға ойын барысында бастама танытуға, өз қызығушылықтарына сәйкес әрекеттерді таңдауға мүмкіндік беру үшін педагогтерге дамытушы ортаны жеткілікті және әртүрлі материалдармен байыту ұсынылады.

Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды даярлық сыныптарында заттық- кеңістіктік ортаны ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығына сәйкес зоналар бойынша жарақтандыру ұсынылады.

Тыңдалды: Келесі мәселе бойынша балабақша әдіскері Б.Алпысова сөз алып «Тәрбиенің кілті – ұлттық құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларын қалыптастыру» тақырыбында баяндама оқыды.

Мектепке дейінгі жастағы баланың рухани-адамгершілік дамуы балабақша мен отбасы арасындағы қарым-қатынастың тығыздығы артқан сайын ойдағыдай жүзеге асады. Ұлттық құндылықтарға негізделген рухани-

адамгершілік, яғни, тәрбие беру кілті – халықтық педагогикасында деуге болады.

Халық педагогикасы – нәрестенің сезімін ананың әуенімен оятатын бесік жырлары, даналыққа толы мақал-мәтелдер, жұмбақ-жаңылтпаштар, қиял-ғажайып ертегілері мен ұлттық ойындары.

Балалардың болашағы отбасындағы өзара қарым-қатынасқа, ата-аналарының тіршілігі мен еңбек етуіне тікелей байланысты болады, себебі бала өзінің өн бойына отбасында естіп-көрген жақсы мен жаманның бәрін сіңіріп отырады, ата-аналардың жағымды, жағымсыз қылықтарына еліктейді. Бүгінгі таңда өз балабақшамызда бала тәрбиесіне байланысты отбасы мен балабақша арасындағы жұмыстарда орын алған кемшіліктерден арылу үшін 3 міндетті белгілеп сол бағытта жұмыс жүргіздік.

1. Бала тамағының түрлілігі мен нәрлілігін, тазалықты басты назарда ұстай отырып дене тәрбиесі дағдысының сапасын көтеру, қимыл-қозғалысты ұлттық ойындарды үйретуді басты назарда ұстау, сол арқылы дені саудың – діні сау, діні саудың – тілі сау дегендей, қоғамға пайда келтіре алатын, оның дамуына, нығаюына өз үлестерін қоса алатын денсаулығы мықты адам тәрбиелеу.

2. Сөйлеуді дамыту дағдысының сапасын, берілу методикасын жетілдіре отырып, ана сүтімен берілетін ана тілін дұрыс меңгерту. Бала қиялын, ақыл-ойын жетілдіретін қазақ ертегілері мен жұмбақ, жаңылтпаштар үйретуді басты назарда ұстау. Сол арқылы бала бойына ұлтының қадір-қасиетін, әдет-ғұрпын біліп өсудің бастауын қалыптастыру.

3. Эстетикалық және экологиялық тәрбиенің сапасын көтеру. Балабақшада оқыту мен тәрбиелеу бағдарламасын басшылыққа ала отырып халық педагогикасы негізінде бүлдіршіндерге еңбек, адамгершілік-эстетикалық тәрбие беруде отбасы мен балабақша арасындағы байланысты ынтымақтастыра отырып ізгілендіру.

Осы міндеттерді негізге ала отырып тәрбиешілер түрлі көрнекіліктерді өз қолдарымен жасап, жұмыс барысында қолдануда.

«Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту» технологиясы бағытымен оқу-тәрбие үрдісін жүргізуде іске асырып отырған жобамыз – «Асық терапиясы».

Асық ойындарын жаңғыртып қана қоймай, жаңа бағытта жүзеге асыру-заман сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерімізді – қайтадан түлету болып саналады. Өз тәжірибемізде математика оқу қызметінде асықтарды топтауға, түр-түсіне қарай бөлуге, санауға және салыстыруға, әр оқу қызметінің қорытынды бөлімінде «Алтын асығыңды кімге сыйлар едің?» деген сауал арқылы бала үнін естуге, бейнеленген пішінді боялған асықтармен құрастыруға, МАД тобында сауат ашу оқу қызметінде асық арқылы сөздер құрауға, дауысты, дауыссыз дыбыстарды атауға, балалардың ұсақ қол

моторикасын дамыту, сипап-сезу дағдыларын қалыптастыру мақсатында кіші топтарда «Алтын асық» ойынын ұйымдастыру барысында құмның ішіне жасырылған түрлі-түсті асықтарды жылдам тауып, түсін ажырату және асықты құмға бастыруда қызығушылықпен жұмыс жүргізуге болатынына көз жеткіздік. Түрлі-түсті асықтарды қолдану баланың ұсақ қол моторикасын дамытып қана қоймай, сыни ойлауын шыңдайды. Осындай тапсырмалар балаларды ұқыптылыққа, мұқияттылыққа тәрбиелейді.

Қорыта айтсам, қазір балалар ұялы телефондағы зиянды ойындарға және трендтегі Хаги-Ваги, Кисси-Мисси ойыншықтарына әуес болып барады. Біріншіден, бұл ойындардың және ойыншықтардың адам денсаулығына тигізер залалы көп. Екіншіден, баланың ойлау қабілеті, ойлау шеңбері белгілі бір жүйеде шектеліп қалады. Баланың логикалық ойлауын, көзбен көру арқылы есте сақтау қабілетін арттыру, эстетикалық талғамын дамыту және бір-бірімен бәсекелесіп орындау барысында шапшаңдыққа, ұлттық құндылықтарды сақтауға үйрету барысында – асықпен ойнауды ұсынар едім. Ұлттық асық тарихын ұмыт қалдырмай, жаңашыл леппен ойындар ойлап табу да әрбіріміздің қолымыздан келері хақ. Асық – таусылмас мұрамен қатар, таусылмас идея деп айтар едім. Оған дәлел Б.Момышұлының айтқаны: «Асық ептілікке, мергендікке баулиды. Бұл – үлкен халықтық тәрбие». Ендеше, құрметті әріптестер, адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттерінің ең бастысы – өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесі — келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу – әрбіріміздің міндетіміз!

Тыңдалды: соңғы мәселе бойынша меңгеруші Гульнара Алимовна сөз алып тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптарын бекіту, тәрбиешілер портфолиясы мәселесіне тоқталды. Балабақшаның жылдық жоспарында тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптары жоспарланбады, өйткені Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес тәрбиешілерге шығармашылықпен жұмыс жүргізуге талап қойылған. Тәрбиешілер өзара іс-алмасу барысында ашық іс-әрекеттер көрсетілімін жоспарлауды ұсынып отырмыз. Біліктілік санаттарына үміткер педагогтерге Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 12 қарашадағы №561 бұйрығымен бекітілген Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарына сәйкес ұлттық біліктілік тестілеудің оң нәтижесін алған педагогтерді аттестаттау рәсімі сыбайлас жемқорлық, құқық бұзушылық фактілеріне жол бермеу, оның алдын алу мақсатында «Jumys SmartNation»

порталына құжаттарды (портфолио) электронды форматта жүктеу арқылы жүргізілетіні туралы түсіндірілді.

Педагогикалық кеңес

Қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылы 16 мамырдағы 272 бұйрығы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ережесіне сәйкес педагогикалық кеңес хатшы етіп балабақша әдіскері Б.А.Алпысова сайланды.
Мерзімі: 1 жыл.
2. ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына сәйкес 2022-2023 оқу жылына арналған күн тәртібі, ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесі, перспективалық жоспарлары бекітіліп, жұмыс жүргізілсін.
3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі» таныстырылып, жұмыс жүргізілсін.
4. «Асық терапиясы» жобасы жасалынып, жұмыс барысында қолданылсын.
5. Жоспарланған ашық іс-әрекеттер көрсетілімі жүргізілсін, педагогтер құжаттары талапқа сәйкес жинақталсын.

Төрайымы
Хатшысы



Г.Аблаева
Б.Алпысова

**Педагогикалық кеңестің
№ 2 хаттамасы**

28.10.2022 жыл

қатысқандар – 13

Күн тәртібі

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. «Сыни тұрғысынан ойлау технологиясы арқылы асық ойындарын жаңа мазмұнда түрлендіру» баяндама
3. «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы педагогикалық процестің ғылыми әдістемелік және технологиялық негіздері» пікір алмасу
4. «Ұйымдастырылған іс-әрекеттердің жүргізілуі» тақырыпты тексерудің қорытындысы
5. Ұйымдастырылған ашық оқу іс-әрекеттерін талдау
6. «Мектепке дейінгі ұйымда STEAM технологиясын қолдану арқылы балалардың танымдық және шығармашылық қабілетін дамыту» шебер сынып

Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша меңгеруші Гульнара Алимовна сөз алып өткен кеңестің шешімдерінің орындалуына тоқталды. ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына сәйкес 2022-2023 оқу жылына арналған күн тәртібі, ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесі, перспективалық жоспарлары бекітіліп, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі» таныстырылып, топтарда заттық дамытушы ортасын жасақтау бойынша жұмыстар жүргізілуде. «Асық терапиясы» жобасы жасалынып, жұмыс барысында қолданылуда. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығына 1-қосымша, Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығына қосымша Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы қолданысқа берілді, түсіндірме жұмыстар жүргізілді. Бағдарламаның мақсаты әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу болып табылады. Бағдарламаның міндеттері мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін жайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасау, баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған дамытушы заттық кеңістіктік ортаны, оның ішінде арнайы ортаны құру, олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыру, мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз ету, балалардың физикалық дамуы, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын

қалыптастыру, баланың зияткерлік, әлеуметтік дағдыларын және тұлғасын дамыту үшін инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану, оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерінің бірлігін қамтамасыз ету, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, отаншылдыққа, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру, баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығы үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді беру болып табылады. Бағдарламаның мазмұны: дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруға; балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуге, қолдың ұсақ моторикасын, командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуға; тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгертуге; өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру, қоршаған әлемді эмоционалды тану, тәрбиеленушілердің өзіндік шығармашылық іс-әрекеті үшін жағдай жасауға; тәрбиеленушілерді, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оң әлеуметтендіру, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, қоғам және мемлекет, отбасы дәстүрлеріне баулу, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға; мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасындағы оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерін ескере отырып, сабақтастық пен үздіксіздік қағидаларын қамтамасыз етуге; бастауыш білім беру ұйымдарында мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді оқыту үшін тең бастапқы мүмкіндіктер беруге бағытталған.

Тыңдалды: Екінші мәселе бойынша тәрбиеші Саркулова Б «Сыни тұрғысынан ойлау технологиясы арқылы асық ойындарын жаңа мазмұнда түрлендіру» баяндама оқыды. Жас ұрпаққа рухани адамгершілік тәрбие мен білім берудегі мақсатымыз – ұлтын сүйестін, дені сау, әдет-ғұрпын қастерлей білетін жан-жақты дамыған тұлға тәрбиелеу болса, берілетін білім де жаңаша мазмұнда болуы тиіс. Балабақшадағы оқу-тәрбие үрдісінде педагогтың мотивациялық ізденісімен заман ағымына қарай жаңа технологияларды ұтымды пайдалануы көзделеді. Ол үшін әр тәрбиеші технологияны балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, педагогтік мақсатына, мүдесіне сай, өзінің шеберлігіне орай таңдап алуы тиіс. Асық ойыны баланың кішкентайынан жүйке жүйесін жетілдіріп, оларды дәлдікке, ұстамдылық пен сабырлы болуға тәрбиелейді. Бұл ойынды ойнаған бала топпен жұмыс істеуді және топтан озып шығу қабілетіне ие болады. Асықты қолына алып ойнаған баланың саусақ моторикасы дамып, сөйлеу тілі дамиды. Іске епті, жауапкершілігі мол болып шығады. Сондай-ақ, баланы бәсекелестікке жетелеп, талаптылыққа тәрбиелейді. Қайткен күнде де «өзгелердей шебер ойнап, ұтам бәрін», - деп талпынады. Балалар ойын үстінде асық арқылы санау, асықтарды түсіне қарай тізбектеу, математикалық логикалық тапсырмаларды шешу, сөз, сөйлем құрау дағдыларын меңгереді.

Математика негіздері оқу қызметінде асық ойындарын қолданудың түрлі жолдары бар. Мысалы, ойын сабақтың басында, не ортасында, не соңында қолдануы мүмкін. ойынды сабақтың басында қолдану өткен тапсырмаға балаларды түгел қатыстыру мақсатын көздейді. Егер ойын сабақтың ортасында қолданылатын болса, онда педагогтың мақсаты балалардың көңіл-күйін сергіту, шаршағанын ұмыттыру. Оқу қызметінің соңында ойын тақырыпты бекіту немесе сабақтан алған білімді жинақтау мақсатында пайдаланылады.

Тәрбиешілер Алпысова Б, Тұрғанбаева Ж математика негіздері оқу қызметін өту барысында балалармен «Адасқан сандар», «Менің орным қайда?», «Тура және кері сана», «Қай сан жоғалды?» ойындарын ұйымдастырды. Ауызша есептерді есептегенде жаттықтыру үшін «Қай қолымда көп?», «Түстеріне қарай жинақта», «Әдемі моншақ тізбектейік» деген тапсырмаларды орындау мақсатта 1-ден 10-ға дейін жазылған түрлі – түсті асықтар қолданылды. Бұл кезде балалар заттарды санай отырып, салыстыруға үйренді. Қайсысы көп, қайсысы аз? Нешеуі артық, нешеуі кем? деген сұрақтарға толық жауап беруге тырысты. Оқу қызметіндегі өткен тақырыпты меңгерту мақсатында «Оң жақта, сол жақта», «Жамауды тап», «*Қаниша-сонша*» ойынында балалар санды тани білуге үйрету. Берілген тапсырманы дұрыс орындай білуге жаттықтыру, киіз үй суреттері және асықтар салынған қоржын көрнекілікке алынады, ойынның шарты бойынша үстел үстінде киіз үйлер орналастырылады. Олардың есіктерінде 1-ден 10-ға дейінгі сандар ілінеді. Ортаға шыққан бала қоржыннан асық алып, асықтағы белгіленген нүктелерді санап, санға сәйкес есікке апарып орналастырады. Мысалы: 3 нүктесі бар асық алған бала асығын 3 саны жазылған есікке апарып қояды. Сандар жазылған киіз үйге сәйкес асықтарды санап орналыстыруға да болады. «*Жұбын тап*» ойынының шарты бойынша балаларға геометриялық пішіндердің суреттері орналасқан асықтар таратылады. Үлгі ретінде біреуін көрсетіп, дәл осындай суреті бар асықтың жұбын табу ұсынылады. Суреттердің дұрыстығын тексеру үшін оларды салыстырады. Ойынға 4-8 баладан қатыстыруға болады, «*Асықтар шатысты*» ойынының шарты бойынша балалардың алдында сандар жазылған асықтар ретімен қойылады. Тәрбиешінің берілген белгісі бойынша балалар көзін жұмады. Сол кезде тәрбиеші асықтың орнынын ауыстырып қояды. Балалар көздерін ашып шатасқан асықтарды ретімен қояды, ойындарын қолдануға болады. Мектепке дейінгі мекемеде математика оқу қызметінде асық ойыны – тиімді тәсіл екендігіне көз жеткізуге болады. Ойын балалардың сабаққа қызығушылығын, ынтасын арттыруға әсері мол болатынына сенуге болады. Сондықтан асық ойынын жаңғырта отырып, оған балалардың қызығушылығын оятуға, ұлтымыздың құндылықтарын қастерлеуге тәрбиелеуге болады.

Тыңдалды: Келесі мәселе бойынша меңгеруші Гульнара Алимовна сөз алып, «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы педагогикалық процестің ғылыми әдістемелік және технологиялық негіздері» тақырыбында пікір алмасу мәселесіне тоқталды.

Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу жұмысында балалардың тілін дамытуға, сөздік қорын молайтып, ауызша сөйлеуге үйрету ісіне ерекше мән

береміз. Балалардың сөйлеу тілі дұрыс және сөздік қоры бай болса, оларға өз ойын жеткізу оңайға түседі. Қоршаған ортаны танудағы мүмкіндіктері кеңейеді. Сондықтан баланың сөйлеу құзіреттілігін қалыптастыруды уақтылы қолға ала отырып, анық әрі дұрыс сөйлеуін қадағалаймыз. Баланың сөйлеу тілінің дұрыс өз деңгейінде жетілуіне бәрімізді де толғандыруы қажет.

Қол саусақ жаттығуларын барлық ұйымдастырылған оқу қызметінде үнемі жүйелі пайдаланудың нәтижесінде балалардың тілі, қимыл, қозғалысы мен икемділігі айтарлықтай дамиды. Мұндай жаттығулар баланың есте сақтау және назар аудару қабілетін дамытп, ырғаққа ілесіп қамтылуына және сөйлеу ырғағының қалыптасуына көмектеседі. Сондықтан баланы ерте жастан бастап шынықтарған жөн. Қол саусақ ойындарының нәтижесінде баланың сөйлеуге деген талпынысы, сөйлеуі, қимыл қозғалысы, логикалық ойлауы және танымдық деңгейі артады. Сөйлеу тілінің дамуы қол саусақтарының нәзік қимылдарының дамуымен тығыз байланыста болғандықтан, бала қолының ептілігін толық жетілдіру түзету-тәрбие жұмысын жүйелі жүргізуді қалайды.

Сөйлегендер: Тәрбиеші Б.Саркулова

Ерте жаста және мектепке дейінгі кіші жаста қарапайым жаттығуды жасауда өлең, тақпақ айту, жаттығуларды пайдалану ұсынылады. Саусақ ойынын ойнай отырып, бала саусақтарының қимыл-қозғалыстарына қарап қуанады, шаттанады, сөзді айтуға тырысады, үйренген өлең шумақтарын қайталап айта отырып, есіне сақтайды және бала екі қолын қимылдата отырып, оң-сол, жоғары-төмен, т.б. түсініктерді бағдарлай алады. Сондай-ақ, бала қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды, жануарларды, ағаштарды және т.б. көптеген көріністерді бейнелей алады. Сондай-ақ, бала қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды, жануарларды, ағаштарды және т.б. көптеген көріністерді бейнелей алады. Қол саусақ жаттығуларын жасағанда алдымен барлық жаттығуларды баяу орындаған жөн. Баланың жаттығуды дұрыс қайталауын және білектердің, саусақтардың қалпын сақтауын және бір қозғалыстан екіншісіне дұрыс ауысуын қадағалау керек. Жаттығуларды балалармен бірге жасап, оларға көмектесу керек. Саусақ жаттығуларын орындауда ойынның тақырыбына сәйкес өлең жолдарын қолданған өте тиімді. Әр жаттығуға көру бейнесін қалыптастыру үшін өзінің суреттері сәйкес келеді. Алдымен балаға түрлі-түсті суретті көрсетесіз және жаттығудың қалай орындалатынын түсіндіріп, одан кейін бірге жасап үйретесіз. Балалардың сөйлеу құзыреттілігі жоғары деңгейде қалыптасуы ұсақ моторика тәсілдері мен құрылымына байланысты. Әртүрлі ойындарды ойната отырып, зерттеулер жүргізу арқылы жетістіктерге жетуге болады. Мысалы: Доп туралы тақпақты жаттата отырып, балалардың қол моторикасын дамытуға, жылдамдыққа, ептілікке, кеңістікті бағдарлай білуге болады. Өлең жолдарын айтуына қарай балалар екі қолын ашып, жұму арқылы саусақ жаттығуларын орындайды.

Тәрбиеші А.Алибаева

Осындай саусақ жаттығулары арқылы балалардың үй жануарларымен (күшікпен) де таныстыруға болады. Оның әдемілігін, сүйкімділігін сезінуге және қайырымдылыққа баулып, жануарлар дүниесіне қамқор болуға тәрбиелейміз.

Ақ күшігім келді қонаққа

Көк күшігім келді қонаққа
Қара күшігім келді қонаққа
Ала күшігім келді қонаққа
Сары күшігім келгенде
Қуандық бірге ойнадық.

Бұл жерде тәрбиеші балаларға күшіктер туралы сипаттама береді. Қандай әдемі, жүні жұмсақ, көзі бар, мұрны құлағы, кішкентай құйрығы бар. Өзі ала, қара мен ақ араласқан.

Тәрбиеші Н.Калауова

Осындай саусақ жаттығуларын жасау арқылы балалар өлең жолдарын тез, қызыға жаттайды. Саусақ театрымен байланыстыра отырып отбасымен таныстыруға да болады. Отбасы мүшелерін жеке-жеке атап оларды ажырата білуге үйрету. Отбасына деген махаббат, сүйіспеншілік сезімдерін жетілдіруге тәрбиелеуге болады. Ойната отырып ұсақ қол мототрикасын, тіл байлығын дамыта аламыз.

Әдіскер Б.Алтысова

Ия, өлең жолдарын саусақ жаттығуларын пайдалана отырып сурет салу, ермексазбен ойын, қағазбен жұмыс жасауда да пайдалануға болады. Сурет салу барлық балалар жақсы көретін, әрі пайдалы іс. Қарандаш, қылқаламмен парақта, қатты қағазда, қарда, құмда, терлеген терезе бетіне, асфальтта сурет салуға болады. Алақанмен, мақталы таяқшалармен, көкөністер бастырмаларымен және т.б. әдістермен, яғни бейнелеудің дәстүрлі емес техникалары арқылы сурет салу өте пайдалы, әрі қызықты. Балаға әртүрлі пішіндерді тік сызықпен салуға, суреттің үзік сызық бойымен жүргізу, үлгімен сурет салу, суреттің аяқталмаған бөлігін салу шығармашылығын, есте сақтау қабілетін, түсті қабылдауын дамытады.

Ермексаз баланы жалпы дамытатын әртүрлі қызықты ойындар өткізуге мүмкіндік береді. Бала ермексазды қолмен жібітеді, саусақпен бөліп алады, домалатады, ширатады, ермексазды қалауынша қалыпқа келтіреді және кез-келген уақытта оны бүлдіріп алам деп қорықпастан жұмысына өзгеріс енгізеді, ол өз ісіне деген сенімділік тудырады. Қазіргі дамыған технологиялар заманында ермексаздың жетілдірілген түрі хендгам шықты. Оның ермексаздандың жетілдірілген түрі хендгам шықты. Оның ермексаздан айырмашылығы, қолға, үстелге жағылмайды, пішінді сақтамайды.

Қағазбен жұмыс барысында жай қағаз үлкен мүмкіндіктерге ие болады. Қағазды кішкентай бөлшектерге бөліп сурет салуға, умаждап, допқа айналдыруға, оны қырқуға болады. Оригами өнерінің пайдасы ұшан теңіз. Бала ойын арқылы бір әрекеттен екінші әрекетке ауыса отырып, өзіне түрлі ақпараттар алады, дүние сырын ашады.

Тыңдалды: Келесі мәселе бойынша меңгеруші Гульнара Алимовна сөз алып, «ұйымдастырылған іс-әрекеттердің жүргізілуі» тақырыпты тексерудің қорытындысына тоқталды. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мақсаты әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу. Үлгілік оқу бағдарламасында 2022-

2023 оқу жылындағы негізгі міндеттер белгіленген, ол мынадай бағыттарды қамтиды:

- әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құру;
- балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;
- тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру;
- Отанды, ана тілін сүйуге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу;
- баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мүмкіндіктер беру. Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі қағидаларды назарда ұстау ұсынылады:
- ойын арқылы оқыту;
- түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту.

Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша:

- физикалық дамыту;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;
- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады. Физикалық даму, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру келесі ұйымдастырылған іс әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады:

- 1) дене шынықтыру
- 2) жүзу
- 3) сөйлеуді дамыту
- 4) көркем әдебиет
- 5) сауат ашу негіздері
- 6) қазақ тілі
- 7) сенсорика
- 8) математика негіздері
- 9) құрастыру
- 10) қоршаған ортамен таныстыру
- 11) сурет салу
- 12) мүсіндеу
- 13) жапсыру
- 14) музыка

Ұйымдастырылған іс-әрекет – Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға

деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінезқұлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастырылатын іс-әрекет.

Физикалық дамыту физикалық дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруды қалыптастырады. Дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына үш рет мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізіледі. Балалардың жас ерекшелдіктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді, ол қимыл белсенділігі, дене шынықтыру-сауықтыру шаралары (таңертеңгі жаттығу, сергіту сәті, шынықтыру шаралары), ойын әрекеті, дербес белсенді және т.б. әрекеттер арқылы күн тәртібіне сәйкес ұйымдастырылады.

Балалардың дене белсенділігін арттыру үшін қимылды ойындарға соның ішінде ұлттық қимылды ойындарға басымдық беру және балалардың дербес қимылды әрекетін таңертең, таңғы астан соң, серуен кездерінде, ұйқыдан соң өткізу ұсынылады.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуді, қолдың ұсақ моторикасын және командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуды қарастырады.

Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі (мектепке дейінгі ұйым кестесіне сәйкес аптасына ортаңғы және ересек топта бір рет, мектепалды топта 2 рет) ұйымдастырылған іс-әрекеті қарым-қатынас, заттық әрекет, ойын әрекеті, еңбек әрекеті, бейнелеу, шығармашылық әрекет (балаларға кітап оқып беру, кітаптарды, иллюстрацияларды қарау) театрландырылған, дербес және басқа да әрекет түрлері арқылы күн сайын күн тәртібіне сәйкес ұйымдастырылады.

Балалардың сөйлеуін тек ұйымдастырылған іс-әрекеттерде ғана емес, күні бойы режимдік сәттерде, еркін ойын кезінде оларға түрлі сұрақтар қою (сұрақтарды қойғанда «иә» немесе «жоқ» деп жауап беретін жалпы сұрақтар немесе барлығы қосылып жауабын бірге айтуға арналған сұрақтар емес, әрбір бала жеке жауап бере алатындай сұрақтар) арқылы, балаларды көбірек сөйлесуге, бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, олармен кез-келген мәселе бойынша әңгімелесіп, олардың пікірін тыңдау және т.б. арқылы дамыту ұсынылады.

Балалардың мектепте оқуға дайындығын қамтамасыз ету үшін мектепалды даярлық тобында Сауат ашу негіздері аптасына екі рет өткізіледі.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгертуді қарастырады.

Бөбек жасы балалары үшін сенсорика бойынша заттарды, ойыншықтарды өз бетінше зерттеуіне көңіл бөлінеді, олардың түсін, пішінін, көлемін ажыратып, салыстыруға баулу көзделеді. Баланың затты немесе ойыншықты

ұстап көріп, зерттеп, өздігінен тәжірибе жинақтауына басымдық беру ұсынылатын болғандықтан, педагог ауызша сөзбен айтып түсіндіруді барынша жетекші сұрақтарды жиі қолдану тәсіліне қарай бағыттағаны дұрыс болады.

Мектеп жасына дейінгі балалар үшін математика негіздерін күн сайын дидактикалық ойындар, танымдық әңгімелер, бейнелеу және құрастыру әрекеті, эксперимент жасау, математикалық мазмұндағы театрландырылған әрекет, әңгіме, дербес және басқа да әрекеттер арқылы ойын түрінде ұйымдастыруға болады. Мұнда ұйымдастырылған іс-әрекет барысында берілген ұғым, түсініктерді (заттардың түсі, көлемі, пішіні, саны, кеңістікте орналасуы және т.б.) еркін ойында және режимдік сәттерде балалардың жасына сәйкес бекіту, ол үшін сәйкес сұрақтар қойып, балалардың жеке жауаптарын тыңдау, балалардың математика терминдерін қолданып жауап беруіне, заттарға өз бетінше зерттеу жүргізуіне игерген дағдыларын қолдануына мән беру ұсынылады.

Қоршаған ортамен танысу күн сайын объектілер мен заттарды бақылау (тірі және өлі табиғат) зерттеу, материалдармен эксперимент жасау, педагогтің сәйкес ақпаратты оқып беруі, кітаптарды және иллюстрацияларды қарау, әңгімелесу, қарым-қатынас, ойын әрекеті арқылы іске асырылады. Мұнда балалардың заттарды қолмен ұстап, зерттеуі, олардың қасиеттеріне талдау жасауы, заттарды қолдануы, туындаған сұрақтарға жауап беруі, өз бетінше сұрақтардың жауабын іздеуі мен табуы, алынған дағдыларды ойында қолдана алуы маңызды.

Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру күн сайын тек ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде ғана емес, сондай-ақ балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, басқа уақытта да ұйымдастырылады және бірнеше жұмыс түрі қатар жүруі мүмкін немесе көпшілігінің қалауы бойынша барлығы бір жұмыс түрімен айналысуына болады.

Балалар айналадағы болып жатқан оқиғаларды ой елегінен өткізіп, тәжірибе жинақтауы және дағдыларды игеруі үшін олардың қиялын дамыту, шығармашылық қабілеттерін ашу ұсынылады, ол үшін балаларға жұмыс жасауға дайын үлгі беруді жиі қолданбау, бейнелеу құралдарын қолданып, бейнелерді, құрастыруларды өзбетінше жасауға ынталандыру, оларға еркіндік беру, тапсырманы шығармашылықпен орындауға баулу.

«Музыка» ұйымдастырылған іс-әрекеті ерте, кіші, ортаңғы топтарда аптасына бір рет, ересек және мектепалды даярлық топтары мен сыныптарында аптасына екі рет музыка жетекшісімен мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізіледі.

Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыканы тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық қимылдар, балалар музыка аспаптарында ойнау және басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлінеді.

Балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруда баланың ынтасын, пікірін және тілегін ескере отырып, ойын түрінде, барлық балалармен бір уақытта ғана емес, сонымен қатар шағын топтармен өткізу, балалар әрекетінің бірнеше түрі қатар ұйымдастырылған жағдайда балаларға аталған

әрекеттердің бір түрінен өзін қызықтыратын басқа екінші әрекетке ауысуға рұқсат ету, қызығып орындап отырған баланы басқа балалармен бірге еріксіз келесі әрекетке көшірмеу ұсынылады.

Сондай-ақ, ұйымдастырған іс-әрекеттерді, түрлі балалар әрекеттерін тек топ бөлмесінде үстел үстінде ғана емес, серуенде, ойын алаңында және т.б. балалар үшін жайлы жағдайларда күннің бірінші және екінші жартысында өткізуге болады.

Тыңдалды: Келесі мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Гульнара Алимовна сөз алып, өткізілген ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттерге талдау жасау мәселесіне тоқталды.

Сөйлегендер: Саркулова Б

Ересек «Күншуақ» тобында тәрбиеші Алпысова Б қоршаған ортамен таныстырудан «Көліктер» тақырыбында іс-әрекетін ұйымдастырып өтті. Қоршаған ортамен таныстыруды таза ауада серуен кезінде көлітерді бақылау барысында жүргізді. Балалардың көңілдерін жұмбақ шешуге аударып, ойланып жауап беруге тоқтады. Транспорт түрлерін атай келе, олардың пайдасы мен зиянына тоқталды, балалар көлік түрлерін атаудан жарысып атай білді. Оқу іс-әрекеті барысында балалар «Көліктер» қимылды ойынын ойнау барысында ауыр жүк тасымалдайтын және жеңіл көліктердің айырмашылығын атады.

Тәрбиеші Алибаева А

Ортаңғы «Құлыншақ» тобының тәрбиешісі Салимжанова Ұ математика негіздерінен «Қуыршақтар бізде қонақта» тақырыбында іс әрекет көрсетті. Іс-әрекет барысында тәрбиеші АКТ технологиясын пайдалану барысында балаларға түрлі сұрақтар қою барысында тапсырмалар орындатты. Балалар тапсырмаларды орындау барысында топтауға, түстерді ажыратуға үйренді. Цифрмен таныстыру жүрмейді, ауызша санауға болар еді.

Тәрбиеші Тилеубердиева А

Ересек «Күншуақ» тобының тәрбиешісі Калауова Н математика негіздерінен «Заттың санын цифрмен сәйкестендіру» тақырыбында іс-әрекетін көрсетті. Тәрбиеші іс-әрекет барысында АКТ пайдаланды. Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі заттардан тұратынын түсіндіру барысында заттарды цифрмен сәйкестендірді. 5-ке дейін реттік санау дағдылар дамыған, қанша болады? Деген сұрақтарға жауап бере біледі. Тәулік бөліктерін реттілікпен атауға үйрету қажет.

Тәрбиеші Өтенбекова А

Кіші «Арай» тобының тәрбиешісі Әмір Н сөйлеуді дамытудан «Су патшалығына саяхат» тақырыбындағы іс-әрекетін ұйымдастырып өтті. Іс-әрекет барысында балаларға судың дыбысын естуге, суда тіршілік ететін жәндіктермен таныстырды. Балалармен «Балық аулау» ойынын ойнау барысында тапсырмаларды ойындар барысында ойнады.

Тәрбиеші Б.Саркулова

Тәрбиеші Оралова Г кіші «Арай» тобында сурет салудан «Бояулар сыры» тақырыбында іс-әрекетті ұйымдастырып өтті. Тәрбиешінің өзін-өзі ұстау мәдениеті, балалармен жұмыс жасау барысы жақсы. Балаларға бояулар туралы әңгіме айту барысында түрлі суреттер шығаруға болатынын, және

жұмыс барысында бояулардың қауіпсіздік ережелерімен таныстырып өтті. Балалар жұмыс барысында бастыру арқылы кемпіркосактың түстерін сала отырып бояу түрімен таныстырды.

Әдіскер Б.Алпысова

Музыка жетекшісі Г.Бекжигитова «Аспаптар сыр шертеді» тақырыбында әсеріретті ұйымдастырып өтті. Балалар музыка іс-әрекетіне қызыға қатысты. Музыка жетекшісі балаларға музыкалық аспаптарды ойын түріндегі тапсырмаларды орындата отырып, әр аспапты таныстырды. Балаларға таныс өлеңді әр түрлі аспаптарда ойнау барысында әуенді тыңдатты. Музыкалық ырғақтық би қимылдарын жасатты.

Тыңдалды: Соңғы мәселе бойынша балабақша әдіскері Б.Алпысова «Мектепке дейінгі ұйымда STEAM технологиясын қолдану арқылы балалардың танымдық және шығармашылық қабілетін дамыту» тақырыбында шебер сынып ұйымдастырып өтті.

Педагогикалық кеңес

Қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығына қосымшасы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес перспективалық жоспарды жүргізу.
2. Ұлттық құндылықтарды насихаттау барысында асық терапиясын жұмыс барысында қолдану.
3. Балалардың сөйлеу дағдыларын дамыту барысында саусақ жаттығуларын жұмыс барысында қолдану.
4. Ұйымдастырылған іс-әрекеттерді күн режиміне қарай жүргізу.
5. Ұйымдастырылған іс-әрекеттер барысында түрлі әдістер мен технологияларды қолдану.
6. Тәрбиешілер жан-жақты іздену жұмыстарын жүргізу.

Төрайымы
Хатшысы



Г.Аблаева
Б.Алпысова

**Педагогикалық кеңестің
№3 хаттамасы**

19.01.2023 жыл

қатысқандар – 13

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңсетің шешімінің орындалуы.
2. «Заттық-кеңістік дамытушы ортаны ұйымдастыруға қойылатын талаптар» салыстыру тексерудің қорытындысы
3. «Балаларды ұлттық құндылықтарға баулу арқылы зияткерлік дағдыларын жетілдіру» баяндама
4. «Балабақшада қолданатын тиімді технологиялар» Пікір алмасу
5. Ұйымдастырылған ашық оқу іс-әрекетін талдау
6. «Тұлғалық қарым-қатынас» шебер сынып.

Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Гульнара Алимовна сөз алып, өткен кеңестің шешімдерінің орындалуының қорытындысына тоқталды. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығына қосымшасы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес перспективалық жоспарлар түзіліп жұмыс жүргізілуде. Асық терапиясы балалардың танымдық, физикалық дағдыларын дамытуға, сөйлеу дағдыларын дамытуға саусақ жаттығуларын жұмыс барысында қолдануда. Күн режиміне сәйкес ұйымдастырылған іс әрекеттер жүргізілуде.

Тыңдалды: Екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Гульнара Алимовна сөз алып, «Заттық-кеңістік дамытушы ортаны ұйымдастыруға қойылатын талаптар» тақырыпты тексерудің қорытындысына тоқталды. Тексеру қаңтар айының 10-11 күндері ересек «Құлыншақ» тобында жүргізілді. Тексеру күні топта 25 бала, топтың іші жылы, жарық, таза. Топтың тәрбиешілері Салимжанова Ұ. Топта дамыту орталықтары: ойын зонасы, кітап бұрышы, табиғат бұрышы, денсаулық бұрышы, сюжеттік-рөлдік ойындар бұрыштары жасақталған. Заттық-кеңістіктік дамытушы орта – бұл баланың психикалық әл-ауқатының қауіпсіздігіне, оны дамыту мақсаттарына сәйкес кеңістікті ұйымдастыру және баланың өз бетінше үйрену қабілетін дамытуға оң ықпал ететін жабдықтарды пайдалану. Дамытушы орта балаға өз қабілеттерін пайдалануға, қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне сүйене отырып, өзін қызықтыратын ойын материалдарымен ойнауға мүмкіндік береді. Балалар әрекетін осындай тәсілмен ұйымдастыру нәтижеге бағытталған даму механизмін құрайды. Бала жоспарланған мақсатты жүзеге асыруға ұмтылады. Дамытушы орта баланы әрекетке ынталандырады, оны тұлға ретінде дамытады, қабілеттерінің ерте көрінуіне ықпал етеді. Осылайша, заттық-кеңістіктік дамытушы орта – бұл баланың психикалық әл-ауқатының қауіпсіздігіне, оны дамыту мақсаттарына сәйкес кеңістікті ұйымдастыру және жабдықтар мен басқа да жарақтарды пайдалануға жағдай жасалынған.

Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаға қойылатын жалпы талаптар:

- қауіпсіз;
- қолжетімді;

- әртүрлі;
- мазмұнды;
- көп атқарымды;
- өзгермелі;
- тартымды.

Жас топтары бойынша заттық-кеңістіктік дамытушы ортаға қойылатын талаптар:

Ересек және мектепалды даярлық топтарында: дамытушы модульдер, күрделі пазлдар, құрастырылатын ойыншықтар, сауат ашу, алғашқы математикалық ұғымдарды игеруге ықпал ететін әртүрлі материалдар, баспа әріптері, сөздер, кестелер, үлкен шрифтті бар кітаптар, боямақтар, сандары бар оқулықтар, сандары мен әріптері бар үстел үсті ойындары, ребустар, оқу құралдары, балалар энциклопедиялары, ғаламшардың жануарлары мен өсімдіктер әлемі, әртүрлі елдердің адамдарының өмірі туралы иллюстрацияланған басылымдар, балалар журналдары, альбомдар, суреттер мен карточкалар болу керек.

Сонымен қатар, заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны қалыптастыру барысында барлық топтарда ойыншықтар мен ойын материалдарын толықтырып отыру қажет. Көптеген импровизациялауға ыңғайлы материалдардың болуы маңызды (арқан, қорап, сым, доңғалақтар, ленталар және т.б.). Олар ойын барысында балалардың әртүрлі креативті идеяларын жүзеге асыруда, шығармашылық шешім қабылдауында қолданылатын болады.

Тыңдалды: Келесі мәселе бойынша тәрбиеші Ұ.Салимжанова «Балаларды ұлттық құндылықтарға баулу арқылы зияткерлік дағдыларын жетілдіру» тақырыбында баяндама оқыды.

Басты байлық-адам, ал адам байлығы-білім. Қазіргі таңда-білекке емес-білімге, күшке емес-епке тоқтаған заман. Қытай даналығына сүйенсек: «Ауызша айтылғанды ұмытамын, көрсетсең, мүмкін есімде сақтармын. Қатысушы болсам, мен түсінемін»- делінген. Осы сөздерден инновациялық оқытудың мәні өз көрінісін табады. Жаңа инновациялық әдістерді пайдаланудың мәні-ойы ұшқыр, талабы биік, өзіне сенімді, жігерлі болашақ ұрпақ тәрбиелеу. Жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді пайдалану-білім сапасын арттырудың бірден-бір жолы. Заманауи технологияларды қолдану арқылы біз сапалы білім беруге қол жеткізе аламыз. Алайда, олардың бәрін қамту мүмкін емес. Жаңа технология үдерісінің талабы-балаға білім беруде мақсатқа жету, оқу қызметі арқылы ойлау дағдыларын, таным белсенділігін арттырып, жан-жақты дамуына және жаңалықты тез қабылдауына әсер ету. Қазіргі мектеп жасына дейінгі балалар қабілеті жоғары, дарынды, өнерпаз, ізденімпаз, талапты, өз алдына мақсат қоя білуі керек. Қазіргі тәрбиеші педагогикалық үдерісте жүйелі жұмыс жүргізе алатын, педагогикалық өзгерістерге тез төселетін, жаңаша ойлау жүйесін меңгере алатын, білімді, іскер, шебер болуы керек. Оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс-тәсілдерін, жаңа инновациялық педагогикалық технологияны игерген, шығармашыл педагог-зертеуші, ойшыл тәрбиеші болуы керек.

Мен балаларға ұлттық және патриоттық тәрбие беруде оларды туғаннағ бастап, жас және жеке ерекшеліктеріне сай рухани құндылықтар негізінде

тәрбиелеуге, дамытуға, қалыптастыруға бағытталған «Электронды қазақ үйі» мен «Даналық әліппесін» оқу қызметі үдерісінде кеңінен қолданамын. Олар бабаларымыздың бай рухани мұраларын, бүгінгі және келешек ұрпаққа жаңаша үлгіде насихаттайтын заманауи тәрбие құралдары. Ұрпағымызды ұлттық рухта тәрбиелеудің арнайы бағдарламасы. Өзім тәрбиелеп отырған балалардың зияткерлік қабілетін дамыту үшін «Бесік жырын», күйлерді, нақыл сөздерді, ертегілерді өз тәжірибемде кеңінен қолдана отырып, Кюзенер таяқшаларымен балаларға түрлі ойындар ұсынамын. Осылайша Кюзенер таяқшаларын ұлттық тәрбиемен ұштастыруды жөн көрдім. Өртүрлі таяқшалар арқылы ұлттық нақыштағы ою-өрнектер мен құрпақ көрпелерді жасауға болады. Сондай-ақ, балалар таяқшамен домбыраны, киіз үйді, үй жануарларының сұлбасын жасай алады. Осылайша балалардың ой-қиялын дамытп, қисынды ойлауға баулимын. Нәтижесінде балалардың ұлттық салт-дәстүрге деген қызығушылығы артады. Бұл әдіс-тәсілді 3 жастан бастап мектептің бастауыш сыныптарына дейін қолдануға болады. Кюзенер таяқшалары бүкіл әлемге танымал дидактикалық құрал.

Тыңдалды: Келесі мәселе бойынша меңгеруші Гульнара Алимовна педагогтер арасында «Балабақшада қолданатын тиімді технологиялар» тақырыбында пікір алмасуға тоқталды. Бала-болашағымыз десек, сол балаға жүйелі білім беріп, ынта-ықыласын дұрыс бағыттауды, қабілет-қасиеттерін дамытуды балабақшадан бастауымыз керек. Мектепке дейінгі білім беру стандарты мектепке дейінгі тәрбиемен мектепалды топтарында педагогикалық үрдісті ұйымдастыруда жаңашыл әдіс-тәсілдерді пайдалануға мүмкіндік береді. Балабақшада жаңа педагогикалық технологияларды пайдаланудың басты мақсаты: оқыту мен тәрбиелеуде инновациялық ойын технологиясының элементтерін пайдалан отырып, жан-жақты, білімді, құзыретті тұлға тәрбиелеу.

Сөйлегендер: Тәрбиеші Ү.Мамасерикова.

Балабақшада қолдануға тиімді технологиялар: ТРИЗ технологиясы. «Тәйтәй» технологиясы. Монтессори технологиясы. Зайцев технологиясы. Дамыта оқыту технологиясы.

ТРИЗ технологиясын өткен ғасырдың 70 жылдары Г.С.Альтшуллер ойлап тапқан. Мектепке дейінгі балаларға бейімделген ТРИЗ технологиясы баланы шығармашылық тапсырмаларды орындауға үйретеді. Бала бойындағы қабілетті дамытып, оның қызығушылығына сүйене отырып шығармашылыққа баулайды. Мектепке дейінгі балалық шаққа бейімделген ТРИЗ технологиясы баланы шығармашылық тапсырмаларды орындауды үйретеді және оның бойында шығармашылық қажеттілікті дамыта отырып, оның қызығушылығына сүйене отырып, шығармашылыққа жүйелі түрде жетелеуге мүмкіндік береді. ТРИЗ және оның принциптері тек техникалық қана емес, сонымен қатар басқа да шығармашылық тапсырмаларды шешуге қолайлы. Жүйелік жақындау Компоненттік, құрылымдық, функционалды және генетикалық жақындаудың элементтер негізінде қоршаған ортаның жүйелік көріністерінің бастауларын қалыптастыру. Бір-бірімен тығыз байланыста болатын бөлімдерден құралған жүйені біртұтас ретінде түсінік беру,

объектінің осы шақтағы, өткен шақтағы және келер шақтағы жағдайын бөліп ала отырып, уақыт және кеңістік туралы ұғым беру.

ТРИЗ технологиясын қолдану дәстүлі іс-әрекеті тәрбиеші үшін: жана материалды беру; бала үшін: жана материалды менгеру. Балалардың шығармашылық қиялын дамыту, ойын толық айтып жеткізе білу. Үйренген сөзден сөйлем құрастыру, сөйлемнің әңгіме құрастыру, ойлау қаблеттерін арттыру.

ТРИЗ технологиясы баланың тілін дамыту, шығармашылық қиялын дамыту Міндеттері: — Бала мүмкіндігін ескеріп, заман талабына сай білім беру;

-Триз элементтерін пайдаланып, шығармашылық қаблетінің ашылуына мүмкіндік туғызу;

-Балалардың көркемдік шығармашылығын дамыта отыра әр баланың психологиялық ерекшеліктерін танып білу.

Тәрбиеші Б.Саркулова

М.Монтессори педагогикасы немесе Монтессори жүйесі XX – ғасырдың бірінші жартысында итальяндық педагог, ғалым әрі ойшыл Мария Монтессори тарапынан ұсынылған тәрбиелеу жүйесі. Монтессори әдістемесі әрбір тәрбиеленушіге деген даралы тәсілдемеге негізделген. Бұған сәйкес, дидактикалық материалдармен іс-әрекеттің ұзақтығын өздері таңдай отырып, балаларға өздігінен жұмыс жасауға жағдай жасаған. Мария Монтессори (1870-1952) 31 тамыз айында Италияда дүниеге келген, сол елдегі медицина докторы дәрежесін алған алғашқы әйел адам болды. Бұл жүйені 100 жыл бұрын М.Монтессори ойлап тапқандықтан, соның атымен аталып кеткен. Өз ісінің бастапқы негізінде ол жүйке - психикалық дамуы бұзылған балаларды емдеумен айналысады. Мұндай балалармен жұмыс істеудегі тәжірибесі «зияты дамымаған балалар» емдеуге қарағанда педагогикалық тұрғыдағы әсер етуді көбірек қажетсінетіні туралы маңызды тұжырымды құруға мүмкіндік берді. Зияты дамымаған балалармен жұмыс тәжірибесі М.Монтессоридің көңілін қалыпты балаларды тәрбиелеу проблемасына аударды, оның жүйесінде Ж.Ж.Руссо, Ә.Сеген және т.б. белгілі философ, педагог және дәрігердің тәрбиелеу қағидалары дами түсті. Сонымен қатар М.Монтессори жүйесі 146 мемлекетте қолданылады. Бұл Монтессори - педагогиканың негізгі ұстанымдарының бірі. Баланың еркіндігі мен өзіндік ойлау дағдысының дамуына қысым көрсетпеу керек, яғни балаға бостандық беру.

Бала дамуының сензитивті кезеңдері келген кезде, өзін жеке тұлға ретінде қалыптастыра бастайды, бірақ қалай, қай бағытта жүзеге асатыныны оны қоршаған ортаға байланысты. Үлкендер баланың дамуына жағдай жасайтын арнайы ортаны дайындап, оған бағыт—бағдар беріп отыруы керек. Монтессори педагогикасы кабинеті бірнеше аймақтарғы бөлінген және бұл аймақтар баланың жан—жақты дамуына жағдай жасайтын «дайындалған орта» болып есептеледі. 3 және 6 жас аралығындағы балалардың өзін—өзі дамытуы үшін аймақтарда орналасқан жаттығулар зор ықпалын тигізді: күнделікті өмір жаттығулары, сенсорлық даму, математика, тіл дамыту, жазу және оқуды үйрену, шығармашылық даму, космостық тәрбие беру.

М. Монтессори жүйесін негізінде 3 басты қағида құрайды:

1. Әр баланың жеке ерекшеліктерін ескерту;

2. Даму еркіндігімен қамтамасыз ету;
3. Баланың әрі қарайғы интеллектуалды дамуының негізі ретінде сенсорлық және дене тәрбиесінің мүмкіндіктерін кеңінен қолдану.

Тәрбиеші А.Тилеубердиева

Дамыта оқыту технологиясы. Негізін салушылармен зерттеушілер:
В.Давыдов,В.Занков,В.Эльконин,П.Эрдниев.

Мақсаты: Баланың жалпы жан дүниесін, және оның сезіміне әсер етіп логикалық ойлауын дамыту. Сөздік қоры мен сөйлеу мәдениетін қалыптастыру.

Дамыта оқытуда тәрбиешінің басты міндеті оқу материалдарын балаға дайын күйінде емес, баламен бірлесіп, жалпы іс - әрекетті ұйымдастыра отырып, алға қойған міндеттерді түсіндіру сөздік қоры мен тілдің арасындағы байланыстылыққа аса көңіл бөлу. Дамыта оқыту технологиясының балабақша жағдайында қолдануға болатын тиымды әдістері:

1. Ой толғаныс.

2. Ассоциация

3. Салыстыру

4. Раунд - Робин

5. Топтау әдісі

1) Ой толғаныс әдісі немесе психология тілінде «Миға шабуыл» деп те аталады. Бұл әдіс көбіне ұйымдастырылған оқу іс - әрекетінің тақырыбын ашуда қолданылады. Мыс: Жұмбақ шешу, сөзжұмбақ, суретті ребустар арқылы.

2) Ассоциация әдісі. Бұл әдісте берілген тақырып бойынша балаларда қандай ой туады соның барлығы сол сөздің жан - жағына жазылады.

Мысалы: ЖАЛПЫ ОТБАСЫ:

Ата, әже, әке, ана, аға, әпке, іні

3) Салыстыру әдісі. Бұл әдісте балалар объектілер арасындағы ұқсастық пен айырмашылықты анықтайды.

Мысалы: Алма және қызанақтың ұқсастығы мен айырмашылығы

4) Раунд - Робин әдісі. Бұл әдіс өткен немесе жаңа тақырыпты бекіту үшін қолайлы тәсілдердің бірі. Мұнда әр бала берілген тақырып туралы не біледі. Бір сөйлем немесе сөз тіркесі арқылы бірінің айтқанын бірі қайталамай түгел айтып шығуы тиіс. Мыс: «Гүлдер» тақырыбында

- Гүл өсімдік

- Гүл әдемі

- Гүлді жұлуға болмайды

- Анамызға сыйлаймыз

- Достарымызға сыйлаймыз т. б.

5) Топтау әдісі. Топтау әдісінде балаларды деңгейлеріне қарай бірнеше топқа бөледі де, өздері орындай алатындай топтық тапсырма беріледі.

Мыс: «Пішіндер» тақырыбын өткенде

I топ – Үлестірмелі картадағы бейнеленген суреттерден геометриялық пішіндерді тауып, көрсету, атын атау.

II топ - Жіпті пайдалана отырып әртүрлі пішіндерді жасау.

III топ - Санағыштан үшбұрыш пен төртбұрышты құрастыру.

Дамыта оқытудың нәтижелі болуы тәрбиеші мен тәрбиеленушінің арасындағы жаңаша қарым - қатынас арқылы ғана өз жемісін береді. Бүгінгі күн бәсекелестікпен жоғарғы технологияның, ғылым мен білімнің заманы.

Тыңдалды: Келесі мәселе бойынша меңгеруші Гульнара Алимовна сөз алып, өткізілген ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттерге тоқтады.

Сөйлегендер: Тәрбиеші Әмір Н.

Ортаңғы «Гүлдер» тобында жапсырудан «Үй жануарларына арналған қоршау» тақырыбында іс-әрекетті тәрбиеші А.Манапова ұйымдастырып өтті. Іс-әрекет кіріктірілген. Үй жануарларының айтысы ертегісі желісі бойынша түрлі тапсырмалар орындады. Іс-әрекет барысында ТРИЗ технологиясын қолданды. Балаларға үлестірмелі материалдарды жұмыс барысында таратты, толық жауап беруге мүмкіндік беру керек.

Тәрбиеші Калауова Н

Кіші «Арай» тобының тәрбиешісі Б.Саркулова сенсорикадан «Көңілді ойындар» тақырыбында ашық іс әрекетті ұйымдастырып өтті. Заттар мен құралдарды қолдана отырып, берілген үлгі бойынша пішіні, түсі бойынша біркелкі заттарды топтастырды. Ғажайып сәтте балалар қуанып, сиқыршының тапсырмаларын орындады. «Көңілді ойындар», «Пингвиндерді тамақтандырамыз» ойындарын ойнатты.

Тәрбиеші Г.Оралова

Мектепалды «Балбөбек-Төрайым» тобының тәрбиешісі А.Тилеубердиева сөйлеуді дамытудан «Қызыл телпек бізде қонақта» тақырыбында ашық іс-әрекетті ұйымдастырып өтті. Іс-әрекет ертегі желісі бойынша ұйымдастырылған. Балалар жұмбақ шешіп, тапсырмаларды орындау барысында түсіне қарап саңырауқұлақтарды теріп, ертегі кейіпкерлерін тауып реттілікпен жапсырды. Балалар тапсырмаларды қызыға орындады.

Тәрбиеші Манапова А

Ортаңғы «Гүлдер» тобында тәрбиеші А.Алибаева көркем әдебиеттен «Шалқан» ертегісі тақырыбында ашық іс-әрекетін ұйымдастырып өтті. Алдымен ертегіні балаларға оқып беріп, соңынан тапсырмалар орындатты. Балалар тапсырмаларды орындау барысында заттарды топтастыра отырып түстерді ажыратты, гүлдердің түстеріне қарай күлтешелерін орналастырды.

Тәрбиеші Салимжанова Ұ

Ересек «Құлыншақ» тобында тәрбиеші А.Өтенбекова сөйлеуді дамытудан «Ертегілер жолымен» тақырыбында ашық іс-әрекетін ұйымдастырып өтті. Жыл мезгілдеріне қарай ертегі кейіпкерлерін таңдау барысында қатты-жұмсақ, ауыр-жеңіл сөздерін пайдалана отырып тапсырмалар орындады. Іс-әрекет барысында асықтарды пайдаланды. Ертегі кейіпкерлерді жыл мезгіліне байланыстыру мақсатында баулармен байлады.

Әдіскер Б.Алпысова

Мектепалды «Балбөбек-Төрайым» тобында тәрбиеші Ү.Мамасерикова қоршаған ортамен таныстырудан «Менің отаным Қазақстан!» тақырыбында ашық іс-әрекет ұйымдастырып өтті. Іс әрекетті балалар әнұранмен бастап, рәміздер туралы тақпақтар айтты. Қазақтан Республикасының бас қаласы-Астана, республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын байыту

мақсатында Қазақстанның қалаларын суреттерден көрсетіп, қазба байлықтары туралы түсіндірді. Іс-әрекет соңында өзіміздің туған жердің байлығы мақтадан ою-өрнектерді жапсырды.

Тыңдалды: соңғы мәселе бойынша әдіскер Б.Алпысова педагогтердің көңіл-күйлерін көтеру, топтасып жұмыс істеу жүйесін әрі қарай дамыту мақсатында «Тұлғалық қарым-қатынас» тақырыбында шебер сынып ұйымдастырып өтті.

Педагогикалық кеңес

Қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығына қосымшасы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес перспективалық жоспарларға тақырыптар қойылып, жұмыс жүргізу.
2. Заттық-кеңістік дамытушы ортаны ұйымдастыруға қойылатын талаптарға сәйкес жұмыс жүргізу.
3. Ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында жұмыс жүргізу.
4. Жаңа әдіс-тәсілдерді жұмыс барысында қолдану.
5. Тәрбиешілер жан-жақты ізденіп жұмыс жүргізсін.

Төрайымы
Хатшысы



Г.Аблаева
Б.Алпысова

